



Қазақстан балалары

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

2 (02) МАУСЫМ 2023

**ЗОРЛЫҚ-
ЗОМБЫЛЫҚҚА
ЖОЛ ЖОҚ!**



БАЛАЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



ҚЫМБАТТЫ ДОС! СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде BalaQorgaubot2.0** Telegram-боты **іске қосылды.**



ДОРОГОЙ ДРУГ! ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** Telegram-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ
БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА! ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА
**ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ,
СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!**

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ
ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!
**ПРОСТО ПОЗВОНИ
ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!**

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172)

74 25 28



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қазақстандықтар үшін мамыр айы – бір-біріне тікелей қатысы бар Қазақстан халқының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні және Жеңіс Күні сияқты тамаша мерекелерді атап өтетін ерекше ай.

Ұлы Отан соғысы аяусыз жаудың жолында иықтарын тірестірген көптеген халық өкілдерін біріктірді. Олардың қатыгез шайқастардың отты жалынында шыңдалған және өлім қаупінің алдындағы күш сынағына төтеп беріп, уақыт сынынан өткен достығы, адалдығы мен сенімдері ұрпақтар үшін идеалға айналды.

Мұнда қоныс аударған мыңдаған адам үшін екінші Отанына айналған Қазақстан ұлтаралық келісімнің, өзара этномәдени әрекеттестіктің және қарапайым адам достығының үлгісі болып табылады. Мұнда кез келген ұлттың кез келген өкілі басқа адамға: «Менің жан досым!» – дей алады. Дәл осы «достық» ұғымы бейбіт өмірдің негізі болып табылады. Біз бәріміз тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерге ие қазақстандықтармыз...

Жаздың алғашқы күні бүкіл әлемде Халықаралық балаларды қорғау күні атап өтіледі. Бұл жай ғана балалық шақ мерекесі емес, бізге, ересектерге, планетаның барлық кішкентай

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Для казахстанцев май – особенный месяц, когда мы отмечаем замечательные праздники: День единства народа Казахстана, День защитника Отечества и День Победы, имеющие непосредственное отношение друг к другу.

Великая Отечественная война сплотила представителей многих народов, вставших плечом к плечу на пути безжалостного врага. Их дружба, верность и преданность, закаленные в горниле жестоких битв и выдержавшие проверку на прочность перед лицом смертельной опасности, прошли испытание временем и стали идеалом для потомков.

Казахстан, ставший второй Родиной для тысяч переселенных сюда людей, являет собой пример межнационального согласия, этнокультурного взаимодействия и простой человеческой дружбы. Здесь любой человек любой национальности может сказать другому: «Друг ты мой сердечный!» Именно понятие «дружба» есть основа мирной жизни. Все мы являемся казахстанцами, имеющими равные права и равные возможности...

В первый летний день во всем мире отмечается Международный день защиты детей. Это не просто праздник детства, а напоминание нам,

тұрғындарының тағдырына біз жауапты екенімізді еске салатын мереке.

Тәрбие мәселелері адамзат тарихындағы үнемі толғандыратын мәселе, өйткені балалар – ата-анасының, отбасының, ұрпақтың, ұлттың жалғасы... Аристотель де: «Тәрбие – бақытта қуаныш, ал бақытсыздықта – алданыш», – деген екен.

Көрнекті педагог Адольф Дистервегтің керемет сөздері бар: «Адам соншалықты жетілген кезде, оның өзінің кейінгі өмірінде өзін-өзі тәрбиелеуге күші мен еркі болады және оны қалай жүзеге асыра алатынын біледі, сонда оның алған тәрбиесі аяқталады, өз мақсатына жетеді».

Өміріміздің басында әрқайсымыз гүл бүршігі сияқты жабықпыз. Бүршік күннің жылуын, суды сіңіріп, топырақтан қоректенгеннен кейін ғана ашылып, онда жасырылған гүлдің барлық сұлулығы көрінеді. Дәл сол сияқты, өмірінің басынан бастап адамның жеке басына адам сүйіспеншілігі мен «қорек» – назар мен қамқорлық қажет, сонда ғаламның әр адамға салған барлық қайталанбас сұлулығы ашылып, көрінеді. Біз бәріміз, шын мәнінде, бізді жақсы көретіндердің «туындылары» болып табыламыз.

Бұрыннан белгілі: ешкім өздерін жақсы көрмеген балалар жақсы көре, сүйе алмайтын ересектерге айналады. Бұған жол беруге біздің моральдық құқығымыз жоқ.

Сонымен, кез келген жас жеткіншекке қараған сайын, әйгілі жаңашыл педагог Шалва Александрович Амонашвилидің сөздерін еске түсірейік: «Бала өзіне деген шынайы және риясыз сүйіспеншілікті сезінген бойда бақытты болады...»

Еліміздің болашағы ата-бабаларымыз бен әкелеріміздің өсиетіне лайық болуы үшін барлық балаларды жақсы көріп, қамқор бола білейік! ■

**Насымжан Жамбековна
Оспанова,**

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау
комитетінің төрайымы

взрослым, о том, что именно мы ответственные за судьбу всех маленьких жителей планеты.

Проблемы воспитания волновали человечество на протяжении всей его истории, ведь дети – продолжение родителей, семьи, рода, нации... Еще Аристотель говорил: «Воспитание – в счастье украшение, а в несчастье – прибежище».

Выдающемуся педагогу Адольфу Дистервегу принадлежат замечательные слова: «Воспитание, полученное человеком, закончено, достигло своей цели, когда человек настолько созрел, что обладает силой и волей самого себя образовывать в течение дальнейшей жизни, и знает способ и средства, как он может это осуществить».

В самом начале своей жизни каждый из нас подобен цветочному бутону – так же закрыт. Только после того, как бутон получит тепло солнца, воду и питание из почвы, он раскроется и станет видна вся красота таившегося в нем цветка. Точно так же человеческая личность с самого начала жизни нуждается в тепле человеческой любви и «питании» – внимании и заботе, чтобы раскрыться и обнаружить всю неповторимую красоту, какую Вселенная вложила в каждого человека. Все мы, по сути, являемся «произведениями» тех, кто нас любит.

Давным-давно замечено: дети, которых не любят, становятся взрослыми, которые не умеют любить. Допустить этого мы не имеем морального права.

Так давайте каждый раз, обращаясь к любому юному созданию, будем вспоминать слова знаменитого педагога-новатора Шалвы Александровича Амонашвили: «Ребенок становится счастливым, как только ощущает к себе искреннюю и бескорыстную любовь...»

Будем любить и беречь всех детей, чтобы будущее нашей страны было достойным памяти предков и заветам отцов! ■

**Насымжан Жамбековна
Оспанова,**

председатель Комитета
по охране прав детей
Министерства просвещения
Республики Казахстан



ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

Е. М. Песина

Зорлық-зомбылыққа
жол жоқ!

стр. 6

**Т. М. Столярова
А. К. Нургалиева**

Новые формы
воспитательной работы
в вопросах профилактики
правонарушений

стр. 12

Омарова Г. Б.

Формы и методы предпола-
гаемой диагностики по вы-
явлению состояния благо-
приятной среды в школе

стр. 21

Г. К. Амангельдинова

Агрессия у детей
и роль родителей
в ее преодолении

стр. 30

АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

Қ. М. Тайболатов

Эмоциялар күнделігі –
эмоционалдық
интеллекті дамытуға
апаратын кілт

стр. 36

И. Калачева

Семья и общество: новые
границы сотрудничества

стр. 50



БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

ПОДГОТОВКА К ЕНТ

стр. 69



Е. М. Песина,
«АУДҰИ» КЕАҚ,
Алматы қ.
редактор-корректоры

ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

СТОП НАСИЛИЮ!

Е. М. Песина,
редактор-корректор,
НАО «НИГРЧ»,
г. Алматы

Зорлық-зомбылық – қазіргі заманның ең ауқымды көкейкесті мәселелерінің бірі. Әлемнің түпкір-түпкірінде оның алуан түрлі көріністерін байқауға болады. Жыл сайын миллионнан астам адам зорлық-зомбылық оқиғаларынан көз жұмып, ауыр дене жарақаттарын алып жатады. Көптеген елде отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс деп санайтын заңнама әлі күнге дейін жоқ.

Осы тұрғыда балаларға жасалған зорлық-зомбылық алаңдаушылық туғызады.

Бұл оқиғаларға қатысты ақпарат түрлі себептермен көп жағдайда жасырын түрде қалатындықтан, балалар үшін қорқыныш, зорлық-зомбылықты әлеуметтік тұрғыда қабылдау, ата-аналардың үнсіздігі, балаларға тән емес қатыгездік белең алуда. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың құрбандары –

Насилие – одна из самых масштабных проблем современного общества. Во всех уголках мира можно видеть самые разнообразные его проявления. Ежегодно более миллиона людей на планете погибают от случаев насилия, еще больше получают телесные повреждения. Во многих странах до сих пор нет законодательства, криминализирующего домашнее насилие.

Наибольшую тревогу в этом плане вызывают факты насилия в отношении детей.

Недетская жестокость приобретает угрожающие масштабы, несмотря на то, что значительная часть информации об этих случаях остается скрытой по многим причинам: страх за детей, социальная приемлемость насилия, умолчание родителей и т. д. Что касается детей – жертв насилия в семье, то

Кез келген тіршілік иесі сияқты сіз де қауіптің алдында тұрғаныңызды үнемі түсіне аласыз. Сіздің ғажап қабілетіңіз бар – сізге қауіп төнгенің ескертіп, кез келген тәуекел жағдайынан алып шығуға көмектесуге дайын тұратын сіздің ішкі қорғаушыңыз.

Г. де Беккер. «Үрей қабілеті»



Как и любое существо, вы всегда можете понять, что находитесь перед лицом опасности. У вас есть дар – прекрасный внутренний защитник, который готов предупредить вас об угрозе и помочь выбраться из любой рискованной ситуации.

Г. де Беккер. «Дар страха»

балалар өздеріне зорлық-зомбылық жасайтындарға құқықтық тәуелділікте болады. Бұл әдетте, заң бойынша олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға тиіс олардың ата-аналары.

Өзімізді, жақындарымызды, бірінші кезекте балаларымызды зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қалай сақтаймыз? Бұл өзекті сұрақтың жауабын Гэвин де Беккердің кітаптарынан табуға болады.

Гэвин де Беккер – қауіпсіздік жөніндегі американдық сарапшы, бестселлерлердің авторы, АҚШ үкіметінің, ірі корпорациялардың және әйгілі тұлғалардың қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі. Қоғамдық тұлғаларды қорғау бойынша бас маман ретінде танылған, жоғары лауазымды тұлғалардың, жұлдыздардың және жеке тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

они находятся еще и в правовой зависимости от тех, кто совершает в отношении них насильственные действия. Это как правило, родители, по закону обязанные представлять и защищать их права и интересы.

Как обезопасить себя, своих близких, в первую очередь детей, от всех форм проявления насилия? Ответ на этот животрепещущий вопрос можно найти в книгах Гэвина де Беккера.

Гэвин де Беккер родился в 1954 г. в Лос-Анджелесе. Считается пионером в области оценки угроз и проблем, связанных с выявлением и решением насильственных ситуаций. Его компания консультирует и предоставляет услуги по защите корпорациям, правительственным комитетам и частным лицам. Возглавлял команду, обеспечивающую безопасность во время официальных визи-



тов лидеров иностранных государств; разработал MOSAIC – особую компьютерную систему, занимающуюся выявлением потенциальных угроз в адрес представителей власти США, в том числе сенаторов и конгрессменов.

Де Беккер – старший член Совета по связям с общественностью Университета Калифорнии, сопредседатель экспертной комиссии Совета по вопросам бытового насилия.

Автор книг «Дар страха: Тайные сигналы выживания, защищающие нас от насилия», «Защищая дар», посвященных проблемам безопасности детей, «Не стоит бояться: реальная правда о риске безопасности и защите в эпоху терроризма».

В книге «Дар страха...» представлены реальные истории из жизни лю-



Гэвин де Беккер — американский эксперт по безопасности, автор бестселлеров, консультант по вопросам безопасности правительства США, крупных корпораций и известных личностей. Признан главным специалистом по защите общественных фигур, обеспечивает безопасность высших чиновников, звезд и частных лиц.

1954 жылы Лос-Анджелесте дүниеге келген. Зорлық-зомбылық жағдайларын анықтауға және шешуге байланысты қауіп-қатерлерді және мәселелерді бағалау саласындағы сарапшы болып саналады. Оның компаниясы корпорацияларға, үкіметтік комитеттерге және жеке тұлғаларға қорғану бойынша кеңес беріп, қызмет көрсетеді. Шет мемлекеттер көшбасшыларының ресми сапарлары кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін команданы басқарады; АҚШ-тың билік өкілдеріне, оның ішінде сенаторлар мен конгрессмендерге төнетін қауіп-қатерлерді анықтайтын MOSAIC ерекше компьютерлік бағдарлама әзірледі.

Де Беккер – Калифорния университетінің Қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесінің аға мүшесі, Тұрмыстық зор-

дей, ставших или чуть было не ставших жертвами насилия. В каждом из случаев человек либо прислушивался к своей интуиции и выживал, либо игнорировал свой внутренний голос и расплачивался за это.

Обычно мы думаем о страхе как о чем-то плохом, однако де Беккер доказывает нам, что страх – это дар, способный защитить нас от зла. Он учит, как проникнуть в мысли и намерения человека, чтобы его поступки не обернулись ужасным сюрпризом.

ГэвинудеБеккеруедваисполнилось 13 лет, но он уже повидал в своей жизни столько насилия, сколько не видит среднестатистический взрослый человек за всю жизнь. Чтобы элементарно выжить, подростку пришлось научиться вычислять, что может произойти в следующую минуту



Ақталу — адамның пікірінше, оған қатысты әділетсіздік әдейілеп жасалады.

лық-зомбылық мәселелері жөніндегі кеңестің тең төрағасы.

АДАМДАРДЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖАСАУҒА НЕ ИТЕРМЕЛЕЙДІ?

Де Беккер барлық себептерді төрт негізгі элементпен байланыстырады.

◆ **Ақталу** – адамның пікірінше, оған қатысты әділетсіздік әдейілеп жасалады.

◆ **Балама** – зорлық-зомбылық әділдік орнатудың және есесін қайтарудың жалғыз тәсілі болып көрінеді.

◆ **Салдары** – адамның ойынша, ол өзі жасаған зорлық-зомбылық әрекетінен кейін не болса да, өмір сүре алады. Агрессор (қудалаушы) түрмеге қамалудан қорықпайды, ол үшін ең бастысы – өз құрбанына қол жеткізу.

◆ **Қабілеттер** – адам алдына қой-

в самых страшных ситуациях. Умение предугадывать мысли и поступки он сделал делом всей своей жизни и теперь учит и других людей правильно распознавать сигналы.

Безопасность на уровне интуиции.

Как отмечает де Беккер, современный человек полностью забыл о том, что, заботясь о самом себе, следует полагаться на интуицию. Большинство из нас перекладывают решение проблем насилия на плечи полиции и системы правосудия, полагая, что они смогут защитить нас. Однако зачастую, когда мы обращаемся к властям, бывает уже слишком поздно.

Наравне с этим мы твердо верим, что усовершенствованные технологии защитят нас от опасности, что чем выше наши заборы и громче сигнализация, тем в большей безопасности мы себя ощущаем.

Однако существует более надежный источник защиты – **наша интуиция, или внутреннее чувство**. Обычно мы обладаем всей информацией, необходимой для того, чтобы защититься от определенных людей или ситуаций. Как и у любого другого животного, у нас есть встроенная система предупреждения о приближающейся опасности. Все в один голос восхваляют интуицию, коей обладают собаки, но де Беккер утверждает, что она уступает внутреннему чувству, которым наделен человек. Проблема заключается только в том, что мы не готовы довериться ему полностью.

«Доверие собственной интуиции не противоположно жизни в страхе». Настоящий страх не парализует, он придает человеку силы, помогает сделать то, что в обычных условиях он никогда бы не смог сделать.

Криминальная жилка в каждом из нас. Мы все склонны к криминальным мыслям и даже поступкам. Многих убийц называют «бесчеловечными», но, вне всяких сомнений, они не могут быть никем другим, кроме как людьми. Если один человек способен совершить некий противоправный поступок при определенных обстоятельствах, значит, это могут сделать

ған мақсатына жету үшін, өзінің физикалық мүмкіндіктерін қолдана алатындығына сенімді (күшін, реакциясының жылдамдығын, ептілігін, суық немесе атылатын қару қолдану және т.б.).

ҚАУІПТІ ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРГЕ КЕЛЕСІ АЙЫРЫҚША БЕЛГІЛЕР ТӘН:

- ◆ пайымсыздық пен даңғойлық;
- ◆ мақсатқа талпынушылық;
- ◆ басқа адамдар үшін жиіркенішті нәрселерді жай қабылдау;
- ◆ шиеленісті жағдайда өзін байсалды ұстау;
- ◆ өзін үнемі бақылауда ұстау қажеттілігі.



АДАМНЫҢ ҚЫЛМЫС ЖАСАУҒА БЕЙІМ ЕКЕНДІГІН НЕ КӨРСЕТЕДІ?

Де Беккердің тәжірибесі бойынша, адамның бала кезінде көрген зорлық-зомбылығы немесе қиындықтары маңызды себептердің бірі болып табылады. Алайда, зорлық-зомбылыққа бейім адамдар, психопатияның алғашқы белгілерін шеберлікпен жасыра алады. Олар дені сау адамның кейпін керемет келтіріп, алғашқы көргенде «жай адам» болып көрінуі мүмкін.

и все остальные. Де Беккер не выясняет различия между «человеком» и «монстром». Напротив он пытается разобраться в том, есть ли у человека возможность или намерение причинить вред другим людям. Он приходит к выводу, что «источник насилия есть в каждом из нас; изменяются лишь наши взгляды на то, чем и как это можно оправдать».

ПОЧЕМУ ЛЮДИ СОВЕРШАЮТ НАСИЛИЕ?

Де Беккер сводит все аргументы к четырем основным элементам.

- ◆ **Оправдание** – человек полагает, что с ним намеренно поступили не по справедливости.
- ◆ **Альтернатива** – насилие выглядит как единственный способ добиться компенсации и справедливости.
- ◆ **Последствия** – человек думает, что сможет жить дальше, что бы ни последовало за совершенным им актом насилия. Агрессора (преследователя) не страшит перспектива тюремного заключения, главное для него – добраться до своей жертвы.
- ◆ **Способности** – человек уверен в том, что он может использовать все имеющиеся в его распоряжении ресурсы (возможности тела, физическую силу, быстроту реакции, ловкость, холодное или огнестрельное оружие и т. д.), чтобы добиться поставленной цели.

ОПАСНЫЕ ПРЕСТУПНИКИ ИМЕЮТ СЛЕДУЮЩИЕ ОТЛИЧИТЕЛЬНЫЕ ЧЕРТЫ:

- ◆ безрассудность и бравада;
- ◆ целенаправленность;
- ◆ спокойная реакция на вещи, которые вызывают в других людях отвращение;
- ◆ удивительное спокойствие в конфликтных ситуациях;
- ◆ необходимость постоянно себя контролировать.

КЕЛЕСІ БЕЛГІЛЕР АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТУҒЫЗУЫ МҮМКІН

- ◆ Олар өте сүйкімді болып көрінеді.
- ◆ Олар тым көп сөйлейді, адамның назарын басқаға аудару үшін, әңгіме барысында ұсақ-түйектерге дейін тоқталады.
- ◆ Олар бізге өздері бірінші болып келеді және ешқашан керісінше емес.
- ◆ Олар бізге еліктейді немесе бізге тіл тигізу арқылы оларға жауап бергізіп, өз ойындарына қосылуға итермелейді.
- ◆ Олар «қалыптасқан команда» техникасына жиі жүгінеді, сөйлегенде өзінің құрбанымен бір қайықта екендігіне сендіру үшін, әрқашан «біз» есімдігін қолданады.
- ◆ Олар бізге көмектесудің амалын тауып, өзімізді оларға қарыздар сезінетіндей жағдай туғызады.
- ◆ Олар біздің «жоқ» дегенімізді елемейді немесе мойындамайды. Біреуге сізді айнытуға жол бермейді, себебі ол үшін бәрін өзі бақылағаны маңызды.

«Бізге өмірде параноик болмау керек, себебі бізді алаңдататын нәрселердің көбі ешқашан орын алмайды. Бірақ сонда да үй мен офистегі қауіпсіздік жүйелеріне немесе полицияға сену орынсыз». Бізге зиян келтіретін адамдар болғандықтан, олардың өзін түсінуді үйрену қажет. ■



ЧТО УКАЗЫВАЕТ НА СКЛОННОСТЬ К СОВЕРШЕНИЮ ПРЕСТУПЛЕНИЯ?

Опыт де Беккера подсказывает, что одним из важных факторов является насилие или трудности, с которыми человек сталкивался в детстве.

Однако люди, склонные к насилию, могут умело утаивать первичные признаки психопатии. Они способны великолепно играть роль нормального человека и производить, на первый взгляд, впечатление «обычного парня».

ТРЕВОЖНЫМИ МОГУТ БЫТЬ СЛЕДУЮЩИЕ СИГНАЛЫ

- ◆ Они слишком милы.
- ◆ Они слишком много говорят и приводят в разговоре как можно больше деталей, чтобы отвлечь наше внимание.
- ◆ Они всегда подходят к нам сами, и никогда наоборот.
- ◆ Они копируют нас или слегка оскорбляют, чтобы заставить ответить и включиться в их игру.
- ◆ Они прибегают к технике «формированной команды», используя всегда местоимение «мы», чтобы создать впечатление того, что находятся со своей жертвой в одной лодке.
- ◆ Они находят способ помочь нам, чтобы мы начали чувствовать себя у них в долгу (так называемая медвежья услуга).
- ◆ Они игнорируют или не признают наше «нет». Никогда не позволят никому отговорить вас, потому что им важно контролировать все самим.

«Мы не должны становиться по жизни параноиками, ведь большинство вещей, о которых мы сильно переживаем, никогда не происходит. И все-таки глупо доверять системам безопасности в домах и офисах или полагаться только на полицию». Поскольку нам причиняют вред люди, значит, нужно научиться понимать именно их. ■

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАҢА ТҮРЛЕРІ



**Т. М. Столярова,
А. К. Нургалиева,
Астана қ. № 22 мектеп-гимназиясы
директорының тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасарлары**


Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға жасаған үндеуінде мынаны ерекше атап өтті: «Өкінішке орай, буллинг бүгінгі күні кең таралған құбылыстардың біріне айналды. Бізге, педагогикалық, азаматтық және ата-ана қоғамдастығына, бірігу және балаларымыздың өмірі мен денсаулығын қорғауға, өскелең ұрпақтың өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға барлық ресурстарымызды жұмылдыруымыз керек».

Білім басқармаларының басшыларымен шұғыл кеңес өткізу кезінде министр тәрбие жұмысын және ата-аналармен өзара әрекеттесуді кү-

Вобращении к педагогам и родителям по вопросам безопасности детей министр просвещения Республики Казахстан Бейсембаев Ғани Бектаевич особо отметил: «К сожалению, сегодня буллинг становится одним из распространенных явлений. Всем нам, педагогической, гражданской и родительской общественности, необходимо сплотиться и мобилизовать все ресурсы на защиту жизни и здоровья детей, формированию жизненных ценностей подрастающего поколения».

Во время экстренного совещания с руководителями управлений образования министр дал конкретные поручения по усилению воспитательной работы и взаимодействию с родите-

НОВЫЕ ФОРМЫ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В ВОПРОСАХ ПРОФИЛАКТИКИ ПРАВОНАРУШЕНИЙ



**Т. М. Столярова,
А. К. Нургалиева,
заместители директора
по воспитательной работе,
школа-гимназия №22
г. Астана**

шейту бойынша нақты тапсырмалар берді, бұл өте уақтылы және орынды шара болып табылды.

Педагогикалық қызметтің көпжылғы тәжірибесі көрсеткендей, тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі білім беру мекемелерінде қауіпсіз тәрбиелік ортаны қамтамасыз ету болған және болып та қала береді.

Бірінші шепке жасөспірімдердің заңға қайшы тәртіптері шығады. Әлеуметтік ортада, кәмелетке толмағандардың жақын айналасында теріс қылықтардың алдын алуға бағытталған тәрбиелік шаралар республикамыздың әр білім беру мекемесінде әзірленген. Жұмыстың одан әрі тиімді болуы үшін Оқу-ағарту министрлігі Баланы қудалаудың алдын алу ереже-

лями, что явилось очень своевременной и актуальной мерой.

Многолетний опыт педагогической деятельности показывает, что одним из приоритетных направлений воспитательной работы было и остается обеспечение безопасной воспитывающей среды в учреждениях образования.

На первый план выходит профилактика противоправного поведения подростков. Комплекс воспитательных мер, направленных на предупреждение негативных явлений в социальной среде, ближайшем окружении несовершеннолетних, разработан в каждом образовательном учреждении республики. Для эффективной работы Министерством просвещения

лерінде жазылған баланы буллингтен қорғау құқықтары бекітілген заңнамалық базаны жетілдіруде.

Мектептің психологиялық қызметтерінің іс-әрекеті. Астаналық № 22 мектеп-гимназиясында профилактикалық қызмет жалпы білім берудің мақсаттары мен міндеттері, білім алушылардың жас және жеке тұлғалық ерекшеліктері, отбасында қалыптасқан жағдайы ескеріліп жүргізіледі.

Балаларға және ата-аналарға шұғыл көмек көрсету үшін «Бала қорғау» телеграм-чат жұмыс жасайды. Білім беру ұйымы әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметінің, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша педагог жұмыскерлердің қызметі жұмыстың белсенді түрлері мен әдістерін қолдана отырып, іске асырылатын түрлі бағыттағы бағдар-

совершенствуется законодательная база, в которой закреплены права детей на защиту от буллинга, прописанные в Правилах профилактики травли ребенка.

Деятельность школьных психологических служб. Профилактическая деятельность в столичной школе-гимназии (ШГ) № 22 ведется с учетом общеобразовательных целей и задач, возрастных и индивидуально-личностных особенностей обучающихся, сложившегося положения в семье.

Для оперативной помощи детям и родителям действует телеграм-чат «Бала қорғау». Деятельность администрации организации образования, социально-психологической службы, педагогических работников по профилактике правонарушений осу-



Многолетний опыт педагогической деятельности показывает, что одним из приоритетных направлений воспитательной работы было и остается обеспечение безопасной воспитывающей среды в учреждениях образования.



ществляется с учетом реализуемых программ и проектов различных направлений, с применением активных форм и методов работы.

Объектами и субъектами профилактики являются все обучающиеся, а не только те из них, которые находятся в социально опасном положении. Основными целевыми группами, в отношении которых проводятся профилактические мероприятия, являются школьники, педагогический коллектив, семьи обучающихся.

На сегодняшний день в нашей школе обучаются 3889 учеников. По статистике, на городском учете в отделе по делам несовершеннолетних (ОДН) с 2018 г. не состоит ни один ученик.

В 2018 г. на городской учет был поставлен ученик школы за ложное оповещение о том, что в школе заложена

ламалар мен жобалар ескеріліп жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қауіпті жағдайға түскен оқушылар ғана емес, барлық білім алушылар алдын алу жұмысының объектілері және субъектілері болып табылады. Жүргізілетін алдын алу іс-шараларының негізгі мақсатты топтары – оқушылар, педагогикалық ұжым, білім алушылардың отбасы болып табылады.

Бүгінгі күні біздің мектепте 3889 оқушы оқиды. Статистика бойынша қалалық жасөспірімдер ісі бойынша бөлімінде (ЖІБ) 2018 жылдан бері есепте тұрған оқушы жоқ.

2018 жылы мектепке бомба қойылды деп хабарлағаны үшін бір оқушы қалалық есепке алынды. Жасөспірім басқа елден келген және өз қылығын біздің республикамыздағы арнайы қызметтер қалай жұмыс жасайтынын білгім келді деп түсіндірді.

Қандай да бір себептермен тәуекел аймағына түскен барлық оқушылар мектептің үйірмелеріне және секцияларында қамтылған, мектептің өзін-өзі басқару және «Мейірімді істер» еріктілер клубының жұмысына қатысады.

Мысал ретінде оқушы Диас Айдабуловтың табыстары мен жетістіктерін айтуға болады. Жасөспірім мектеп тәртібін бұзғаны үшін мектепшілік есепте болған. Бірақ, біртіндеп мектеп кеңесінің жұмысына тартылды да, 11-сыныпта ол мектептің өзін-өзі басқарудың президенті болды. Белсенді қоғамдық қызметі үшін ол және оның «министрлер кабинеті» ҚР Пар-

бомба. Подросток переехал в наш город из другой страны и объяснил свой поступок тем, что хотел посмотреть, как работают спецслужбы нашей республики.

Все ученики, по тем или иным причинам попавшие в зону риска, заняты в кружках и секциях школы, принимают участие в работе школьного самоуправления и Волонтерского клуба «Добродел».

В качестве примера хочу привести успехи и достижения ученика Диаса Айдабулова. Подросток состоял на внутришкольном учете за нарушение школьной дисциплины. Но постепенно был привлечен в работу школьного совета и в 11 классе стал президентом школьного самоуправления (ШС). За активную общественную деятельность он и его «кабинет министров» были приглашены на экскурсию



Оқу жылы	2019 -2020	2020-2021	2021-2022	2022 -2023
МІБ	7	9	9	6
ЖІБ	0	0	0	0

Учебный год	2019 -2020	2020-2021	2021-2022	2022 -2023
ВШУ	7	9	9	6
ОДН	0	0	0	0

ламентіне экскурсияға шақырылды. Қазір ол ЖОО-нда білім алып жатыр, еріктілер қызметін жүргізеді және спорт шебері ретінде кішкентайларды жаттықтырады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша менеджер де үлкен жұмыс атқарып отыр. Бұл штат бірлігі Астана мектептерінде енгізілген. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей гимназияның алдын алу қызметінің табысы көбінен біздің менеджер О. М. Гореваның арқасы.

в Парламент РК. Сейчас он обучается в вузе, ведет волонтерскую деятельность и как мастер спорта по борьбе тренирует малышей.

Большую работу проводит менеджер по профилактике правонарушений. Эта штатная единица введена в школах Астаны. И наш опыт показывает, что во многом успех профилактической работы гимназии – заслуга нашего менеджера О. М. Горевой.



Біз өз қызметімізді қалай жүзеге асырамыз?

Біз кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша қызметтің негізгі міндеттерін белгілеп алдық:

- ◆ кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- ◆ отбасылық сәтсіздікті анықтау және арнайы атаулы көмек көрсету;
- ◆ кәмелетке толмағандарды қылмысқа және қоғамға қарсы, заңсыз қылықтарға тарту оқиғаларын анықтау және жолын кесу;

Как мы осуществляем свою деятельность?

Нами выделены основные задачи деятельности по профилактике правонарушений несовершеннолетних:

- ◆ обеспечение защиты прав и законных интересов несовершеннолетних;
- ◆ выявление семейного неблагополучия и оказание специализированной адресной помощи;
- ◆ выявление и пресечение случаев вовлечения несовершеннолетних в совершение преступлений и антиобщественных, противоправных деяний;

- ◆ әлеуметтік қауіпті жағдайға түскен кәмелетке толмағандарды психологиялық-педагогикалық және құқықтық қолдау үшін жағдай жасау;
- ◆ білім алушыларға жеке көзқарас;
- ◆ білім алушылар арасында, педагогикалық жұмыскерлерге, ата-аналарға консультативтік – алдын алу жұмысын жүргізу;
- ◆ кәмелетке толмағандардың қадағалаусыздығының, панасыздығының, құқық бұзушылығының және



қоғамға қарсы әрекеттерінің алдын алу, осыған ықпал ететін себептерді және жағдайларды анықтау және жою.

Біздің мектеп әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметінің, педагогикалық ұжымның кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығының алдын алу бойынша қызметі келесі қағидаттарға негізделген:

- ◆ заңдылық;
- ◆ балаларға ізгілік тұрғысынан қарау;
- ◆ алынған ақпараттың құпиялылығын сақтай отырып, кәмелетке толмағандарға жеке көзқарас.

- ◆ создание условий для психолого-педагогической и правовой поддержки несовершеннолетних, находящихся в социально опасном положении;
- ◆ индивидуальный подход к обучающимся;
- ◆ консультативно-профилактическая работа среди обучающихся, педагогических работников, родителей;
- ◆ предупреждение безнадзорности, беспризорности, правонарушений и антиобщественных действий несовершеннолетних, выявление и устранение причин и условий, способствующих этому.

Деятельность администрации, социально-психологической службы, педагогических работников по профилактике правонарушений несовершеннолетних в нашей школе основывается на принципах:

- ◆ законности;
- ◆ гуманного отношения к детям;
- ◆ индивидуального подхода к несовершеннолетним с соблюдением конфиденциальности полученной информации.

На педагогических советах не раз поднимался вопрос об ответственности должностных лиц за нарушение прав и законных интересов несовершеннолетних.

Много лет наша школа интегрировала в учебно-воспитательную работу основные формы работы по профилактике правонарушений несовершеннолетних:

- ◆ выявление семей, находящихся в социально опасном положении;
- ◆ рейды по неблагополучным семьям;
- ◆ деятельность Совета профилактики школы;

Лауазымды тұлғалардың кәмелетке толмағандар құқықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы үшін жауапкершілігі туралы мәселе педагогикалық кеңестерде үнемі көтеріліп тұрады.

Жылдар бойы біздің мектеп кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың негізгі түрлерін оқу-тәрбие жұмысына кірістіріп келеді:

- ◆ әлеуметтік-қауіпті жағдайда тұрған отбасыларын анықтау;
- ◆ сәтсіз отбасыларға рейд жүргізу;
- ◆ мектептегі Алдын алу кеңесінің қызметі;
- ◆ ата-аналарға дәрістер ұйымдастыру;
- ◆ оқушылармен, ата-аналармен жеке әңгіме жүргізу;
- ◆ құжаттармен жұмыс жасау;
- ◆ диагностикалау;
- ◆ жеке және топтық консультациялар;
- ◆ мектептің сабақтан тыс қызметі жүйесіне қатысуға жәрдемдесу;
- ◆ кәсіби бейімдеу бойынша жұмыс;
- ◆ алдын алу жүйесі қызметкерлерінің қатысуымен ата-ана және жалпы мектеп жиналыстары;
- ◆ әлеуметтік-қауіпті жағдайға түскен және аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға демалыс, сауықтыруды ұйымдастыру;
- ◆ кәмелетке толмағандарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
- ◆ әлеуметтік-қауіпті жағдайға түскен отбасылардан шыққан кәмелетке толмаған балаларды жұмыспен қамтуды және уақытша еңбегін ұйымдастыру.

Тәжірибе көрсеткендей, балалармен әңгіме жүргізу, ата-аналарға және педагогтерге кеңес беру, отбасына бару арқылы жұмыс жүргізу, әрине жеткіліксіз. Жұмыстың кеңейтілген, кешенді түрлерін, әдістерін, инновациялық технологияларды, білім беру ұйымының алдын алу жүйесі мекеме-

- ◆ организация родительского лектория;
- ◆ индивидуальные беседы с учащимися, родителями;
- ◆ работа с документами;
- ◆ диагностика;
- ◆ индивидуальные и групповые консультации;
- ◆ содействие участию в системе внеурочной деятельности школы;
- ◆ работа по профориентации;
- ◆ родительские и общешкольные собрания с участием сотрудников системы профилактики;
- ◆ организация отдыха и оздоровления детей из малообеспеченных семей и семей, находящихся в социально опасном положении;
- ◆ оказание несовершеннолетним психолого-педагогической помощи;
- ◆ организация занятости и временной трудовой деятельности несовершеннолетних и детей из семей, находящихся в социально опасном положении.

Практика показывает, что недостаточно работать с детьми, проводя беседы, консультации родителей и педагогов, посещение семей. Необходимо расширенное, комплексное применение других форм, методов, инновационных технологий работы, взаимодействие образовательной организации с другими учреждениями системы профилактики. Так, мы организовали работу с социальными партнерами «Скауты Великой Степи», «Совет ветеранов Алматинского района», молодежное крыло АНК «Жарасым» и др.

Модель деятельности идеальной воспитательной системы предусматривает работу со всем контингентом учащихся. Необходимо на протяжении всего школьного периода наблюдать за динамикой развития и становлением личности учащегося, управляя этим процессом, регулируя и уравнивая деятельность школы, семьи и социума по отношению к ребенку.

Таким образом, в работе по профилактике правонарушений несовершеннолетних используется весь спектр современных форм воспита-

лерімен өзара әрекеттесуін қолдану қажет. Сөйтіп, біз «Ұлы Дала Скауттері», «Алматы ауданының ардагерлер кеңесі», ҚХА-ң «Жарасым» жастар қанаты әлеуметтік серіктестермен жұмысты ұйымдастырдық.

Мінсіз білім беру жүйесінің жұмыс моделі оқушылардың барлық контингентімен жұмыс істеуді қарастырады. Мектептегі оқу кезеңінде оқушы тұлғасының даму динамикасы мен қалыптасуын бақылап, процесті басқара отырып, мектеп пен отбасына, қоғам мен балаға қатысты әрекеттерді реттеп, теңестіру қажет.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу жұмыстарында тәрбие жұмысының қазіргі заманғы нысандарының барлық түрі қолданылады. Құқыққа қайшы әрекетке немесе қылмыс жасауға бейім оқушылармен жұмыс барысында ізгілікті педагогикаға бағытталған жеке әңгімелерге ерекше назар аудару қажет. Оқушылардың мінез-құлқына тұрақты бақылау ұйымдастырып, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу бойынша консультациялар жүргізу қажет, оқушылар тарапынан жасалған құқық бұзушылықтың әрбір жағдайы мұқият талдануы тиіс.

Мектебіміздегі сабақтарда, факультативтік сабақтарда және сынып сағаттарында заңдарды, нормаларды, ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіруге және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ағартушылық жұмыс жүргізіледі.

Ең тиімді әдістердің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- ◆ бұқаралық іс-шаралар;
- ◆ отбасылық кеңес беру; ағартушылық жұмыс; тренингтер; экскурсиялар; шығармашылық қызмет;
- ◆ спорттық іс-шаралар, жарыстар және тағы басқалар.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес, мектебімізде тиімді әдістердің барлық түрі сәтті жүзеге асырылуда.

Болашақта да нәтижелі жұмыс жүргіземіз деп үміттенеміз! ■

тельной работы. В работе с учащимися, склонными к правонарушениям, совершившим противоправные деяния или преступления, особое внимание необходимо уделять индивидуальным беседам, ориентированным на гуманную педагогику. Нужно организовать регулярный контроль за поведением учащихся, проводить советы по профилактике правонарушений несовершеннолетних, каждый случай правонарушения со стороны учащихся должен тщательно анализироваться.

В нашей школе на уроках, факультативных занятиях и классных часах проводится просветительская работа, направленная на объяснение важности соблюдения законов, норм, правил и формирование культуры поведения.

Среди наиболее эффективных методов можно выделить такие, как:

- ◆ массовые мероприятия;
- ◆ семейное консультирование; просветительская работа; тренинги; экскурсии; творческая деятельность;
- ◆ спортивные мероприятия, соревнования и многое другое.

Согласно плану воспитательной работы, весь спектр эффективных методов в нашей школе удачно реализуется.

Надеемся на дальнейшую перспективную деятельность! ■





МЕКТЕПТЕГІ ҚОЛАЙЛЫ ТӘРБИЕЛЕУШІ ОРТА ЖАҒДАЙЫН АНЫҚТАУ БОЙЫНША ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЫСАНДАРЫ

Омарова Ғ. Б.,
п.ғ.к., Phd докторы,
«АУДҰИ» КЕАҚ
ғылыми-әдістемелік
бөлімнің бастығы

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білім беру қызметтерінің түпкілікті нәтижелері, яғни баланың мектепте оқу барысында игеруі тиіс білімі мен дағдылары қайта қарастырылуда. Сондықтан көптеген халықаралық ұйымдар мен ведомстволар баланың хал-ахуалын қамтамасыз етудің жолдарын, тәсілдері мен әдістерін іздеуде.

Қазір «жұмсақ дағдылар» (soft skills) туралы көп айтылады, құзыреттілікке қойылатын талаптар да айтарлықтай өсті. Егер бұрын академиялық білімге назар аударылған болса, қазір білім беру көшбасшылары адамның өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер ететін **академиялық емес** құзыреттіліктерді дамыту қажет екенін түсінеді. Олардың ішінде психологиялық әл-ауқат,

В настоящее время в системе образования происходит переосмысление конечных результатов образовательных услуг, т. е. тех знаний и навыков, которыми ребенок должен обладать в результате обучения в школе. Поэтому многие международные организации и ведомства находятся в поиске путей, способов, методов обеспечения благополучия детей.

Сегодня много говорят о мягких навыках (soft skills), в связи с чем значительно возросли требования к компетенциям. Так, сейчас лидеры образования приходят к пониманию, что, наряду с академическими знаниями, все больше требуется развитие и **неакадемических компетенций**, которые значительно влияют на качество жизни человека. Среди них особо вы-



ФОРМЫ И МЕТОДЫ ПРЕДПОЛАГАЕМОЙ ДИАГНОСТИКИ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ СОСТОЯНИЯ БЛАГОПРИЯТНОЙ СРЕДЫ В ШКОЛЕ

**Г. Б. Омарова,
к. п. н., доктор PhD,
начальник научно-
методического отдела
НАО «НИГРЧ»**

физикалық денсаулық, стресс пен белгісіздік жағдайында өзіне-өзі көмектесу құзыреттілігі, сондай-ақ коммуникативті дағдылар мен кең әлеуметтік байланыстар құру мүмкіндігі ерекше көзге түседі.

Президент Қ. Қ. Тоқаев атап өткендей: «Балалардың құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау, білім беру және өскелең ұрпақты дамыту – біздің сөзсіз басымдықтарымыз, сондықтан «біз Қазақстандағы барлық балалардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек және әрбір баланың дауысын тыңдауға міндеттіміз». Осы қағидаға сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімімен Қазақстанда балалардың әл-ауқаты индексі енгізілді, ол мемлекеттің ба-

деляются психологическое благополучие, физическое здоровье, компетенции по самопомощи в ситуациях стресса и неопределенности, а также коммуникативные навыки и умение выстраивать широкие социальные связи.

Как отметил Президент Республики Казахстан К. К. Токаев: «Защита прав детей, здоровье, образование и развитие подрастающего поколения – наши безусловные приоритеты, поэтому мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане и обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка».

В этой связи распоряжением премьер-министра РК от 1 февраля 2022 г. за №21-р в стране внедрен индекс детского благополучия, который ярко показывает проявление государством



Как отметил Президент Республики Казахстан К. К. Токаев: «Защита прав детей, здоровье, образование и развитие подрастающего поколения — наши безусловные приоритеты, поэтому мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане и обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка».

лалардың денсаулығы мен қорғалуына, олардың материалдық әл-ауқатына, білімі мен әлеуметтенуіне деген қамқорлығын көрсетеді.

«Біздің ортақ міндетіміз – Қазақстан Республикасындағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатта шешімдер қабылдау мақсатында ЮНИСЕФ Инноченти зерттеу кеңсесінің жаһандық әдіснамасына негізделген әл-ауқат индексінің бейімделген моделін әзірлеу», – деді Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының президенті Есенғазы Иманғалиев.

«2022 жылға қарай балалардың хал-ахуалы индексінің іске қосылуы елдегі балалардың жағдайын тұрақты негізде бақылауға және объективті көрсеткіштерге негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Балалардың әл-ауқатының ұлттық мониторингі жүйесі Қазақстан үшін маңызды

заботы о здоровье и защищенности детей, их материальном благополучии, образовании и социализации.

«Наша общая задача – разработка адаптированной модели индекса детского благополучия, основанной на глобальной методологии Исследовательского офиса ЮНИСЕФ «Инноченти», с целью принятия решений в государственной политике по улучшению жизни детей в Республике Казахстан», – отметил президент Национального института гармоничного развития человека Есенгазы Иманғалиев.

«Запуск индекса детского благополучия к 2022 г. позволит отслеживать на постоянной основе ситуацию с детьми в стране и принимать решения, базирующиеся на объективных показателях. Система национального мониторинга детского благополучия является важным проектом для Казах-

жоба болып табылады. Индекс балалардың өмір сүру сапасының қалай өзгередінін нақты көрсете алады және олардың әл-ауқатындағы проблемалық аймақтарды көрсете алады», – деп ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі Артур Ван Дизен атап өтті.

Балалардың хал-ахуалының индексі балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын, білімін, материалдық әл-ауқатын, әлеуметтенуін қамтиды, оның көмегімен балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік органдар жұмысының нәтижелілігі қадағаланатын болады. Білім беру және демалыс саласының объектілерін тиісті қауіпсіздік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасы енгізіледі.

Бейнебақылау жүйелеріне және оларды полицияның жедел басқару орталықтарымен интеграциялауға, «дабыл түймелерінің» болуына және жедел ден қоюға ерекше назар аударылады.

ӘЛ-АУҚАТТЫ ЖӘНЕ ҚОЛАЙЛЫ ОРТАНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Әл-ауқатты орта – бұл мәдени, әлеуметтік, психологиялық, физикалық, экономикалық және рухани факторлардың күрделі өзара байланысын білдіретін көп факторлы құрылым, оның деңгейін анықтау үшін индикаторлар, критерийлер жасалады.

Ал **қолайлы орта** әл-ауқаттың оң көрсеткіштері негізінде құрылады. Индикаторлар мен критерийлердің мазмұнына не кіреді, білім беру ұйымдарындағы әл-ауқат индексі қалай анықталады? Оқу-тәрбие процесін оңтайландыру мақсатында оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін және балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын зерттеуге бағытталған бағалау практикасы қажет.

Бұл бүкіл процесс тұтастай алғанда педагогикалық диагностика деп аталады, ол педагогикалық процесте келесі функцияларды орындайды:

стана. Индекс сможет наглядно продемонстрировать, как меняется качество жизни детей, и указать на проблемные зоны в их благополучии», – подчеркнул представитель ЮНИСЕФ в Казахстане Артур ван Дизен.

Индекс детского благополучия охватит безопасность, здоровье, образование, материальный достаток, социализацию детей. Это позволит отслеживать результативность работы государственных органов по улучшению положения детей. Вместе с тем вводится в действие Дорожная карта по обеспечению объектов образовательной и досуговой сферы с соответствующей инфраструктурой безопасности.

Особое внимание уделяется системам видеонаблюдения и их интеграции с центрами оперативного управления полиции, наличию тревожных кнопок и оперативному реагированию.

РАЗНИЦА МЕЖДУ БЛАГОПОЛУЧНОЙ И БЛАГОПРИЯТНОЙ СРЕДОЙ

Благополучная среда – это многофакторный конструкт, представляющий собой сложную взаимосвязь культурных, социальных, психологических, физических, экономических и духовных факторов, для определения уровня которых разрабатываются индикаторы, критерии.

Благоприятная среда создается на основе положительных показателей благополучия.

Что входит в содержание индикаторов и критериев, как определяется индекс благополучия в организации образования? Необходима оценочная практика, направленная на изучение индивидуально-психологических особенностей учащегося и социально-психологических характеристик детского коллектива с целью оптимизации учебно-воспитательного процесса.

Весь этот процесс называется пе-



«Наша общая задача — разработка адаптированной модели индекса детского благополучия, основанной на глобальной методологии Исследовательского офиса ЮНИСЕФ «Инночентти», с целью принятия решений в государственной политике по улучшению жизни детей в Республике Казахстан», — отметил президент Национального института гармоничного развития человека Есенгазы Имангалиев.

- ◆ анықтау;
- ◆ болжау;
- ◆ құндылыққа бағытталған;
- ◆ өзін-өзі дамыту;
- ◆ сындарлы.

Білім алушылардың хал-ахуалынан тұратын мектептегі қолайлы орта деңгейін анықтау үшін педагогикалық диагностика технологиясы ұсынылады:

- ◆ Диагностиканың мақсаттарын қою.
- ◆ Жеке тұлғаның даму критерийлерін, көрсеткіштерін анықтау.
- ◆ Әдістерді, диагностикалық әдістер жүйесін таңдау (диагностикалық бағдарламаны құру).
- ◆ Диагностика әдістерін тікелей педагогикалық өзара әрекеттесуде жүзеге асыру (диагностикалық бағдарламаны іске асыру).
- ◆ Диагностика нәтижелерін талдау.

дагогической диагностикой, который выполняет в педагогическом процессе следующие функции:

- ◆ констатирующую;
- ◆ прогностическую;
- ◆ ценностно-ориентированную;
- ◆ саморазвивающую;
- ◆ конструктивную.

Для выявления уровня благоприятной среды в школе, которая состоит из состояния благополучия обучающихся, предлагается технология педагогической диагностики:

- ◆ постановка целей диагностики;
- ◆ определение критериев, показателей развития личности;
- ◆ отбор методов, системы методов диагностики (составление диагностической программы);
- ◆ осуществление методов диагно-

- ◆ Балалардың даму деңгейлерін бөлу.
- ◆ Диагностика нәтижелерін есепке алу, тіркеу.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОЛАЙЛЫ ОРТАСЫ КОМПОНЕНТТЕРІН ӨЛШЕУДІҢ БОЛЖАМДЫ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Сапалы білім беру – білікті кадрлармен қамтамасыз етілу, педагогтердің кәсібилігі, білім алушылардың оқудағы жетістіктері.

Оқу үшін қолайлы орта құру, қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, материалдық-шаруашылық базаның жай-күйі, мектептің, оқу кабинеттерінің жай-күйі, мектеп дәстүрлерінің болуы, сабақтан тыс жұмыстардың жай-күйі, мектептің өзін-өзі басқару қызметі.

Оқушылардың зорлық-зомбылық, қорқыту, депрессиялық жағдайына байланысты жағдайларға араласу үшін қолайлы орта құру – суицидтің, нашақорлықтың, темекі шегудің, құқық бұзушылықтың және т. б. алдын алу, психикалық жағдай диагностикасының болуы, сынып жетекшілерінің, кураторлардың, тәрбиешілердің қызмет деңгейі.

Отбасымен өзара іс-қимыл – тұрақты байланыстың болуы және отбасы мен білім алушылардың проблемаларына қатысуы.

